

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің  
8D014-«Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды  
даярлау» бағыты, 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Дуальды білім  
беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың  
ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы  
Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның диссертациялық  
жұмысына ғылыми жетекшінің  
ШҚІРІ**

Парманкулова Перизат Жаксылыковна 2017 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 6D012000- «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша докторантураға ақылы негізде түсті және 2020 жылы толық курсы аяқтады.

Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің 27.10.2017ж. №3 шешімімен бекітілген. Ғылыми жұмыс дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды теориялық-әдіснамалық негіздеуге бағытталып, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының «Техникалық және кәсіптік білім» 3-бағытына және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім» 4-бағытына; «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытына; 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағытында орындалған 3149/ГФ4 «Техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дуальды оқытуға даярлау процесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» жобасына; «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 01 маусымдағы № 348 бұйрығына; «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығына; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңына; «Кәсіптік оқыту» кафедрасының 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттік Б-16-10-15 «Болашақ мамандарды дуальды оқыту негізінде кәсіби даярлау» зерттеу тақырыбына (№5 хаттама, 18.12.2015ж.) сәйкес орындалған.

Еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» Сапалы білім беру» Ұлттық жобасы еліміздің еңбек нарығы үшін кәсіби құзыреттілік жиынтығын меңгерген, азаматтық ұстанымы белсенді, тұлғааралық дағдылары мен жүйелі ойлау қабілеті өте жоғары жеке тұлғаны қалыптастыруды негізге ала

отырып, осы өзекті мәселені шешуде дуальды білім беруді дамытудың маңызды екеніне де назар аударған болатын.

Сондықтан бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлау мемлекеттің еңбек ресурсын қалыптастыруға, адам капиталын дамытуға бағыттайды.

Міне, осы тұста еңбек рыногының сұранысына қажетті сапалы мамандарды даярлайтын тұлға - педагог екендігі белгілі. ХХІ ғасырда жұмыс беруші талаптарын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіре білетін, кәсіптік білім берудің ең оңтайлы түрі, теорияны тәжірибемен ұштастыра оқытатын дуальды білім беру жүйесі болып отыр.

Парманкулова Перизат Жаксылыковна диссертациялық жұмысында дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесін қарастырады. Бұл мәселені шешудің өзектілігі мен терең теориялық түсінігі әлі жеткілікті және терең зерттелмегендігін және жоғары кәсіби педагогикалық білімді беру барысында одан әрі дамытуды қажет ететіндігін көрсетеді. Алайда бүгінге дейін дуальды білім беру жүйесінде денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды инклюзивті оқыту, оларға кәсіби білім беру мәселесі отандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқылау болмаған. Атап айтқанда, осы уақытқа дейін ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінде дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлау мәселесіне арналған еңбектер жоқ деуге болады. Осы орайда тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауы аталған проблеманы зерттеу қажеттілігінің негіздемесі ретінде қарастырылды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлауды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін ұсыну, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеу болды.

П.Ж. Парманкулованың диссертациялық жұмысын орындау барысында ғылыми мәселені анықтап, шешу жолдарын ғылыми түрде негіздеуге, зерттеу жұмысының басты мақсатына жету үшін қажетті міндеттерді айқындауға, айқындалған міндеттерді орындау үшін қажетті ғылыми әдістемелерді дұрыс таңдауға және тәжірибелік-эксперименталды зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелерді талдап, оларды ғылыми әдебиеттердегі деректермен салыстырмалы түрде сараптауға қабілетті ізденуші екенін көрсете білді.

Диссертант ғылыми-педагогикалық негіздеріне әдебиеттік шолу жасап, отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердегі ғылыми деректерді сараптады, қойылған мәселенің бүгінгі күнгі жағдайын анықтап, барлық қажетті әдістемелердің тізімін жасап, орындау ерекшеліктерін меңгере білді. Ізденуші теориялық тарауларда болашақ инклюзивті оқыту педагогының кәсіби және тұлғалық қалыптасуын ғылыми-теориялық негіздерін айқындады.

П.Ж. Парманкулова зерттеулерінің ғылыми жаңалығы зерттеу мекемелеріндегі эксперименттік жұмыс барысында дуальды білім беру

жүйесінде инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын болашақ педагогтың моделінің, оқу-әдістемелік кешенінің тексеріліп, пысықталуымен айқындалады: зерттеу әдіснамасының қойылған проблемаға сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде қолдануға болатынымен және зерттеушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз ете білді.

Зерттеу шеңберінде 7M01450-«Кәсіптік оқыту» мамандығы арналған білім беру бағдарламасын; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» элективті курс бағдарламасын, оның мазмұнын; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу-әдістемелік кешенін; 5B012000 - «Кәсіптік оқыту» мамандығына арналған «Дуальды оқыту жүйесінде оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралын; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» оқу құралын; «Денсаулығына байланысты мүмкіндіктері шектеулі тұлғаны кәсіби даярлау» электрондық оқу құралын дайындады.

Зерттеу нәтижелерін, ұсынылған ғылыми-әдістемелік еңбектер мен арнайы курс бағдарламаларын жоғары педагогикалық оқу орындарының, кәсіптік білім беру мекемелерінің, колледждердің оқу үдерісінде, біліктілікті арттыру курстарында қолдануға болады.

Диссертацияда ұсынылған ғылыми зерттеулер инновациялық тақырыптарымен, дереккөздерінің негізділігімен, нәтижелердің сенімділігімен, ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және жоғары кәсіби білім берудің теориясы мен тәжірибесі үшін аса маңызды дербес, өзіндік, толық ғылыми зерттеу болып табылады.

Ғылыми зерттеу құрылымы жеткілікті түрде ойластырылған және жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу міндеттерін шешу барысында автор сенімді мәліметтер алу үшін қажетті зерттеу әдістерін пайдаланды. Ізденуші диссертациялық зерттеулер тақырыбы бойынша әдеби материалды талдау және жалпылау, зерттеу және талдау әдістерін таңдау, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізу, зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу мен жалпылауда еңбекқорлық танытып, алдына қойылған мақсатты, міндеттерді заманауи ғылыми әдістермен іске асыруға қабілеттілігін көрсете білді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында ғылыми жаңашылдығы бар өзіндік тұжырымдарын дәлелдей алатын орнықты зерттеуші ретінде өзін көрсете білді. Диссертанттың зерттеушіге қажетті мақсаттылық, белсенді жұмыс қабілеті, ғылыми мәтінмен жұмыс істеудегі ыждағаттылық, өз ұстанымын қорғаудағы табандылық сияқты қасиеттері бар. Бұл зерттеушіге өз зерттеуінің нәтижелерін Scopus халықаралық деректер базасында

индекстелетін жарияланымдарда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (БФСҚК) ұсынған ғылыми басылымдарда жариялауға, сонымен қатар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуға мүмкіндік берді.


Парманкулова Перизат Жаксылыковна зерттеуші ретінде қорытындыларының дербестігімен, материалды таңдаудағы тиянақтылығымен, дереккөздерге объективті баға беруге ұмтылуымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысы мен қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары жеткілікті деңгейде дәлелденген. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің тәжірибелік құндылығы жоғары және де диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді.

Қорытындылай келе, зерттеуде алынған нәтижелер мен докторанттың қорғауға ұсынған ережелері ғылыми негізделген және эксперименталды түрде расталған деп айтуға болады. Парманкулова Перизат Жаксылыковнаның қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы аяқталған зерттеу болып табылады, ғылыми-практикалық қолдануы зор. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық жұмысына қойылатын барлық талаптарға сай келеді.

Осыған байланысты мен П.Ж. Парманкулованың «Дуальды білім беру жүйесінде инклюзивті оқытуға болашақ педагогтарды даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университетінің профессоры



С.А. Жолдасбекова